

Кәсіби мерекелердің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 258 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 29 маусымда № 32924 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған кәсіби мерекелердің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
- Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі

Т. Дуйсенова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы соты

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи
ресурстар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі
2023 жылғы 29 маусымдағы
№ 258 Бұйрықпен
бекітілген

Кәсіби мерекелердің тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 30.07.2025 № 232 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.04.2026 № 120 бұйрықтарымен.

1.	Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы күні	– 10 қаңтар
2.	Қаржылық мониторинг органдары күні	– 28 қаңтар
3.	Қазақстан Республикасының азаматтық авиация жұмыскерлері күні	– 1 ақпан
4.	Жерге орналастыру, геодезия және картография күні	– наурыздың екінші сенбісі
5.	Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы жұмыскерлер күні	– 7 сәуір
6.	Геолог күні	– сәуірдің бірінші жексенбісі
7.	Ғылым жұмыскерлері күні	– 12 сәуір
8.	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласының жұмыскерлері күні	– 16 сәуір
9.	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі күні	– 21 сәуір
9-1	Кітапханашы күні	– 23 сәуір
10.	Байланыс жұмыскерлері күні	– 17 мамыр
11.	Метрология жұмыскерлері күні	– 20 мамыр

12.	Мәдениет және өнер жұмыскерлері күні	– 21 мамыр
13.	Химия өнеркәсібі жұмыскерлері күні	– мамырдың соңғы жексенбісі
14.	Эколог күні	– 5 маусым
15.	Монополияға қарсы орган жұмыскерлерінің күні	– 7 маусым
16.	Мемлекеттік органдардың арнайы мақсаттағы бөлімшелері әскери қызметшісінің және қызметкерінің күні	– 9 маусым
17.	Жеңіл өнеркәсіп жұмыскерлері күні	– маусымның екінші жексенбісі
18.	Малшылар күні	– маусымның екінші жексенбісі
19.	Медицина жұмыскері күні	– маусымның үшінші жексенбісі
20.	Полиция күні	– 23 маусым
21.	Мемлекеттік қызметші күні	– 23 маусым
22.	Судья және сот жұмыскері күні	– 24 маусым
23.	Бұқаралық ақпарат құралдары жұмыскерлері күні	– 28 маусым
24.	Дипломатиялық қызмет күні	– 2 шілде
25.	Қазақстанның қолөнершілер күні	– 7 шілде
26.	Су шаруашылығы жұмыскерлері күні	– 9 шілде
27.	Табиғи монополиялар саласы жұмыскерлерінің күні	– 9 шілде
28.	Ветеринариялық жұмыскер күні	– 10 шілде
29.	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының күні	– 13 шілде
30.	Нотариат күні	– 14 шілде
31.	Теңіз және өзен көлігі жұмыскерлерінің күні	– шілденің бірінші жексенбісі
32.	Балық шаруашылығы жұмыскерлері күні	– шілденің екінші жексенбісі
33.	Металлург күні	– шілденің үшінші жексенбісі
34.	Сауда жұмыскерлері күні	– шілденің төртінші жексенбісі
35.	Теміржол көлігі жұмыскерлері күні	– тамыздың бірінші жексенбісі
36.	Құрылысшы күні	– тамыздың екінші жексенбісі
37.	Шекарашылар күні	– 18 тамыз
38.	Шахтер күні	– тамыздың соңғы жексенбісі
39.	Аңшылық шаруашылығы жұмыскерінің күні	– қыркүйектің бірінші сенбісі
40.	Мұнай-газ кешені жұмыскерлері күні	– қыркүйектің бірінші жексенбісі

41.	Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика саласы жұмыскерлері күні	– қыркүйектің екінші жексенбісі
42.	Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет жұмыскерінің күні	–15 қыркүйек
43.	Атом саласы жұмыскерлері күні	– 28 қыркүйек
44.	Әділет органдары қызметкерлері күні	– 30 қыркүйек
45.	Машина жасаушы күні	– қыркүйектің соңғы жексенбісі
46.	Қазақстан Республикасының Жоғары білім жұмыскерлері күні	– 1 қазан
47.	Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жұмыскерлері күні	– 2 қазан
48.	Мұғалім күні	– 5 қазан
49.	Қорғаныс өнеркәсібі жұмыскерлері күні	– 6 қазан
50.	Қазақстан кәсіптік одақтарының күні	– 10 қазан
51.	Стандарттау жұмыскерлерінің күні	– 14 қазан
52.	Құтқарушы күні	– 19 қазан
53.	Қоғамдық тамақтандыру саласының жұмыскері күні	– 20 қазан
54.	Орман шаруашылығы жұмыскері күні	– қазанның үшінші жексенбісі
55.	Алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 03.04.2026 № 120 бұйрығымен.	
56.	Әлеуметтік қорғау жүйесі жұмыскерлері күні	– қазанның соңғы жексенбісі
57.	Автомобиль көлігі жұмыскерлері күні	– қазан айының соңғы жексенбісі
58.	Автожол саласы жұмыскерлерінің күні	– қазан айының соңғы жексенбісі
59.	Күзет ұйымдарының жұмыскерлері күні	– 29 қазан
60.	Қазақстанның кәсіпкерлері күні	– 29 қазан
61.	Сыртқы барлау күні	– 5 қараша
62.	Статистика күні	– 8 қараша
ЗҚАИ-ның ескертпесі!		
63-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 03.04.2026 № 120 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.		
63.	Цифрландыру және ақпараттық технологиялар жұмыскерлері күні	– 10 қараша

64.	Бухгалтерлік есеп және аудит саласы жұмыскерлері күні	– 10 қараша
65.	Қазақстан Республикасының қаржы саласы жұмыскерлерінің күні	– 15 қараша
66.	Бұрғылаушы күні	– қарашаның үшінші сенбісі
67.	Ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі жұмыскерлері күні	– қарашаның үшінші жексенбісі
68.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органдарының күні	– 18 қараша
69.	Адвокатура күні	– 5 желтоқсан
70.	Прокуратура күні	– 6 желтоқсан
71.	Қылмыстық-атқару жүйесі жұмыскерлері күні	– 13 желтоқсан
72.	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі күні	– 20 желтоқсан
73.	Энергетик күні	– 22 желтоқсан
74.	Архивші күні	– 22 желтоқсан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК